Кафедра истории Казахстана и АНК КарГУ имени Е.А. Букетова неоднократно выступала инициатором и непосредственным организатором круглых столов: «Общенациональная идея Мәңгілік ел - основа будущего Казахстана», «Независимый Казахстан глазами молодежи, «Новый казахстанский патриотизм в рамках патриотического акта «Мәңгілік Ел». В их работе приняли участие представители АНК Карагандинской области, кафедр, члены отделения Молодежного крыла и студенты университета.

Преподаватели кафедры участвуют в работе международных и республиканских конференций, круглых столов, семинаров и экспертных совещаний, посвященных обсуждению и разъяснению стратегического развития Ассамблеи народа Казахстана, реализации общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік ел». На мероприятиях обсуждались направления работы кафедр АНК в высших учебных заведениях Республики Казахстан в рамках создания на их базе методологических площадок Ассамблеи народа Казахстана, проведения воспитательной работы среди подрастающего поколения в сфере формирования толерантного поведения, подготовки фундаментальных научных проектов по этнополитике в Республике Казахстан.

Все мероприятия, запланированные кафедрой истории Казахстана и АНК, направлены на укрепление единства народа, консолидацию общества в поддержку политики мира и согласия Главы государства, достижение целей Стратегии «Казахстан-2050», Концепции развития АНК до 2020 года, продвижение и популяризацию казахстанской идентичности и единства на принципе гражданства и общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел».

Список использованной литературы:

1. Национальная идея Мәңгілік Ел: Казахстан – государство, устремлённое в будущее – URL: http://altaynews.kz/20296-national-idea-mangilik-el-kazakhstan.html

2. О проекте Указа Президента Республики Казахстан «Об утверждении Концепции укрепления и развития казахстанской идентичности и единства» – URL: https://egov.kz/cms/ru/law/list/P1500001012

## Самарқанның көк тасы жібіген күн

Жылқыбаев Н., Жұманова А.З.
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Қарағанды қ.

«Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш – мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.»
(М. Дулатов)

Қазақ халқының ежелден дәстүріне айналған мейрам «Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз». Қыс мезгілі бітіп, жер қарасы көріне берген сәтте жаңа жылдың келе жатқаны сезіледі. Қыстың қалың ызғарынан шаршап, шалдыққан жұрт күн нұрына қуанып, шаттанады. Қазақ халқында бұл мереке ең алғаш – «Ұлыстың ұлы күні» деп аталған. Ал, «Наурыз» сөзінің қосылуы неліктен деген сұрақ туындайды.

Қазақ шежірелерінде Наурыз, Алаш бірге туысқан нақты адам екендігі көрінеді:

Қазақстан – Наурыз, Алаш екі ұл туған,
Наурыздың деп айтады үлкен жасын.
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,
Келер жыл көктемде оның берipті асын.
Қазақтың балалары сонан бері,
«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын.



Репозиторий КарГУ

Ауызша тарих – шежіреде айтылатын бұл мәліметтер өте маңызды болып табылады. Себебі Наурыздың Қазақ, Алаш болғалы байырғы замандардан келе жатқан үрдіс екені көрінеді. «Келер жыл көктемде оның беріпті асын дегені» - бұл мереке ежелден аталып келе жатқанын көрсетеді.

«Наурыз парсы тілінде жаңа күн» деген ұғымды білдірсе, «бұл өзі бізге парсыдан , шығыстан келегн мереке екен ғой» дейді. Шын мәнінде солай ма? Зерттеушілердің ойынша XVIII ғ. басында қазақтар жоңғарлардан шегініп, туған жерін тастап, Бұхара, Самарқанға, Жиделібайсынға барып, енді ел-жұрт азат болып тарихи қоныстарына қайта келгенде осы «Наурыз» сөзін ала келген. Бұған дейін халқымыз бұл мейрамды «Ұлыс», «Ұлыстың ұлы күні» деп кейін «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз » деп атап кеткен. Шөкөрім бұл процесті айқын ашып көрсетеді: «Наурыз – парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Мұны қазақтар Бұқар, Ташкенттік қожалардан үйренген. Ескі қазақта (ескі түрікте ) Жаңа жыл күннің аты – Ұлыс.

Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты Наурыз дегізген.

Жыл басының Ұлыс екенінің дәлелі мынау: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар – деген тіпті ескі мақал» [1, 12 б.].

Наурыздың тек өзіне тән арнайы рәсімдік әрекеттерінің ішіндегі көне мифологиялық көзқарастардың ықпалымен туындағандарына тоқталып өтсек. Солардың бірі Наурыз таңын қарсы алу. Ұйқы ашар мен Селт еткізердің мақсаты таңғы рауанды қарсы алу болып табылады. Күннің көзі көрінген сәттен кейін КҮН СӘТІ деп аталған. Сол уақытта күнге маңдайын тосып, иіліп сәлем етіп қарсы алу Наурыздың құтына ие болумен тең болған. Ал кеш батқан соң күн жылуын жалғастырғандай, оның шуағын иеленгендей екі жерге от жағып, топ-топқа бөлініп, екі от арасынан шырақ алып өтіп, өзін де қоршаған ортасын да жамандықтан, қиыншылықтан тазартқан. Оттың күшін жинау үшін жас жігіттер жанған оттан секірген [3, 116 б.].

Жыл басы саналатын бұл мейрам өзінің көптеген ерекшеліктерімен белгілі. Қазақстанның әр аймағында Наурызды өзгеше қарсы алады. Батыс Қазақстанда наурыз айының 14-15 жулдызында көрісу дәстүрі бар. Бұл күні туған-туысқа, дос-жаранға қонаққа барып, әр түрлі сыйлықтар жасайды. Ал Орталық Қазақстанның тұрғындары наурызды Үркердің аспанының батысындағы жас Аймен тоғысуына қарап, Батыс тұрғындарына қарағанда кеш қарсы алып жүр.

Екі батыр соғысты,
Үркер мен Айдай тоғысты, -

деп халық ауыз әдебиетінде айтқан, себебі Сәуір (Үркер) жұлдызы Наурыз айына дәл келеді. Бұрынғы қазақ халқы наурыз мейрамын 3 күннен 9 күнге дейін тойлаған. Қазақ жерінің үлкендігіне байланысты бұл мейрам еліміздің әр аймағында әр түрлі уақытта атап өтіледі. Себебі, елдің оңтүстік аймағында жер жібіп, көктем белгісі еніп жатса, орталық, солтүстік аймақта әлі қыстың қуаты қайтпай тұрады. Сондықтан 22 наурыз күні Жаңа жыл деп санағанымен, барлық жерде бірдей осы күні Наурыз тойланбайды. [1, 13 б.].

Ұлыс тойы тойланғанда дәстүрлі ұлттық ойындар ойнатылады: көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, балтам тап, тең көтеру, бағанаға өрмелеу, арқан тартыс, жаяу жарыс, тепе-теңдік және т.б. көптеген ойындар. Көкпар – өте ертеден сақталып келген ойын. Ежелгі адамдардың күнтізбелік түсінігі бойынша бір жыл 6 ай қыс пен 6 ай жазға бөлінгендіктен , жаз айларының бейнесіне «оттан жаралған» қой малы, қыс айларының бейнесіне «тастан жаралған» ешкі түлігі алынған. Жадырап жаз шыққан сәтте «зұлымдық атаулының аты өшсін» деген сеніммен, қыс бейнесі – қара ешкі сойылып, додаға салынады екен.

Игілік көзін ашу дәстүрі. Наурыз мейрамында жігіттер бастаулардың көзін ашып, айнала төңіректі тазартады, қариялар жас ағаш отырғызады, әйелдер бұлаққа май құйып, өсімдіктерге ақ бүркеді. Осылайша табиғаттың өсіп-өнуіне жәрдем жасалады. Ел ішіндегі талант иелері – ақылшы көсем, қызыл тілді шешен, он саусағынан өнер тамған шебер, құралайды көзге атқан мерген, жауырыны жерге тимеген палуан, күміс көмей, жез таңдай

Репозиторий КарГУ

әнші, керемет күйшілер арасынан озып шыққан елеп-ескеріліп, Ұлыстың ұлы күні олар елге танылып, аттары алты алашқа мәшһүр болады[2, 23 б.].

Осындай ұлттық ойындарымыз бен көне дәстүрлерімізді ұстану – міндет. Егер аталы дәстүр ұмыт қалса, ұлттық ерекшелігіміздің көрінісі жоғалуы мүмкін. Қазақ ертеден бері барлық дәстүрді ұмыт қалдырмай ұстанған әлемдегі ерекше ұлттардың бірі болып табылады. Еліміздің басынан талай қиындық өтсе де, осындай дәстүрлерімізді жаңғыртып, өмірімізге қайта оралып жатқанына қуаныштымыз. Біз Наурыз мейрамын жаңғыртқанымызға 30 жылдың шамасы толып қалған екен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі/Құраст. С. Әжіғали – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 бет + 24 бет суретті жапсырма.
2. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер (Құрастырған М. Қазбеков) Алматы: Қазақстан, 1991 – 256 + 12 сурет бет.
3. Камалова Н. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы./Монография 2-басылым. –Алматы: Эверо, 2014. – 172 б.

## Сталинские репрессии. Статья «Литература»

Ибатуллина Ю.Т.
Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, г. Караганда.
ibatullinay@list.ru

Самые первые Советские концлагеря в России появились в мае 1917 году по приказу Троцкого, когда предполагалось разоружить чехословацкого корпуса. За время существования советских лагерей более 3, 8 млн. людей было осуждены за «контрреволюционные преступления», 0,7 млн. приговорены к смертной казни, 4 млн. подвергшиеся раскулачиванию и 1,5 депортированных из страны.

В настоящее время более 2200 людей написали воспоминания, книги о советских лагерях и о репрессиях Сталина.

Как только появился ГУЛАГ некоторые писатели прославляли лагерную систему. Большинство их них следовали за М. Горьким, который вместе с 35 другими авторами создал апологетическое сочинение о принудительном труде (сборник «Беломоро-Балтийский канал им. Сталина», Москва, 1934). В 1937 году этот сборник запретили из-за участия в нем главы ГПУ Ягоды, однако аналогичные произведения Г. Белых, А. Макаренко, Л. Пантелеева и Н. Погодина оставались признанными официально.

Но все же, многие писатели уже гораздо позже, побывав в стенах концлагерей, стали открыто и правдоподобно описывать все те ужасающие условия, в которых находились заключенные. Ведь ГУЛАГ был мобильным, постоянно обновлявшимся трудовой системой, где жизнь большинства заключенных заканчивалась за несколько лет (а то и месяцев). Никто и никогда не знал, в какой момент оборвется его судьба. По всему советскому союзу стали вестись поиски врагов народов и предателей. За время существования Сталинских лагерей были репрессированы много писателей и поэтов, в том числе: Александр Солженицын, Валаам Шаламов, Мыржакып Дулатулы, Сакен Сейфуллин, Юрий Галансков, Магжан Жумабаев, Гадаев Магомед-Салах, Галкин Самуил Залманович, Гнедич Татьяна Григорьевна, Заболоцкий Николай Алексеевич и другие.

Кажется, что всех репрессированных писателей, поэтов и литературоведов объединяет не так уж и многое – разные национальности, разное местожительство, может даже и разный круг общения, но было и то, что объединяло их – общая любовь к писательству, несогласие к той системе власти, которая установилась в стране. Хотя, были и те, кого осудили по ложным обвинениям.

Репозиторий КарГУ